

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 13 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 желтоқсанда № 3695 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 19.01.2017 № 03 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 28-қазандағы № 209 ұсынысы негізінде Көздіғара ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоныстану ауылының А.Алмағанбетов және Д.Қабесов көшелерінің аумағында пастереллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Қызылқоға аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Қызылқоға аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі:

Б. Кабесов

КЕЛІСІЛДІ:

Атырау облысы

Денсаулық сақтау басқармасының

"Қызылқоға аудандық
орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны бас дәрігері
"28" қараша 2016 жыл

С. Тайшыбай

"Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың
құқықтарын қорғау комитетінің
Атырау облысы тұтынушылардың
құқықтарын қорғау департаментінің
Қызылқоға аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
"28" қараша 2016 жыл

А. Аймұратова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК